

ЖОСПАР

КІРІСПЕ.....	2
1-тарау. Бағалы қағаздар туралы жалпы шолу.....	4
1.1 Бағалы қағаздардың пайда болу тарихы.....	4
1.2. Құнды қағаздар рыногының қажеттілігі.....	4
2-тарау. Құнды қағаздардың экономикадағы кәзіргі жағдайы.....	6
2.1. Құнды қағаздардың түрлері, қызметтері және мәні.....	6
2.2 Қазақстан Республикасындағы құнды қағаздардың қалыптасуы.....	15
2.3 Бағалы қағаздардың құқықтық қатынастарда алатын орны.....	19
ҚОРЫТЫНДЫ.....	22
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	29

Құнды қағаз – құжаттың бір түрі, меншікке құқық білдіруші немесе көңіл білдірушінің қарыз алуын айтамыз.
«Іскер адамның сөздігі»

КІРІСПЕ

Құнды қағаздар, ең алдымен, мүлікті иеленуге құқық беретін ақшаны құжат немесе қарыз берушіге қарыз алушының берген қарыз міндеттемесі.

Бағалы қағаздар толтырылуы немесе жазылуы жөнінен екі түрге болуы мүмкін:

1. Не заң жүзінде бекітілген жеке құжат түрі;
2. Не есепшотқа енгізілген жазу түрі.

Егер басқа адамға иеленуге берілсе, бағалы қағаздардың екінші түрі бойынша ерекше куәлік толтырылып келеді. Оны иелену құқық беретін құжатты **сертификат** деп атайды.

Қазақстанның орталықтанған жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту қоғамдық өндіріс сипатын өзгертуде. Олар меншік қатынастары шаруашылық субъектілерінің құрылымы қаржылық байланыстарының формалық қоғамның мүдделілігінің дәрежесі.

Нарық күрделі, әрі жан-жақты қызмет атқаратын қоғамдық қатынастар жиынтығы. Ол, бір жағынан, тауар және көрсетілген қызмет нарығын қалтиды. Соңғысы, өз кезегінде, қаржы нарығы мен қозғалмайтын мүлік нарығынан тұрады. Осы аталған нарықтық өзара байланысы ұлттық экономикалық механизмді құрайды. Ал, бұл механизм несіне негізделген. Басқаша айтқанда, нарыққа қатысушылардың басылмауы мен иелілігі іскерлік шартқа қол қойып, өздеріне бағалы қағаз түрінде міндеттеме алады.

Кәсіпкерліктің өзара жасаған әл осы міндеттемелері – экономикалық механизмнің тұрақтылығының келілі.

Қазіргі кезінде құнды қағаздар туралы тақырыптар актуальды болып келеді.

Не үшін мен бұл тақырыпты таңдадым? Қандай факторлар Қазақстандық құнды қағаздар рыногының төмен дәрежеде қалыптасуына әсер етті?

Оның бірнеше факторын көрсетуге болады:

1. Бұл Қазақстанның нарықтық экономиканың көшуіне тікелей байланысты келуі;
2. Қазақ елінің жоспарлы-орталықтанған экономиканы қолдау; (ескі технологияны қолдау)
3. Не болмаса халықтың көпшілігі оны ары қарай дамыту үшін адам болған жоқ па? Не оны жүзеге асыру үшін қаржы болған жоқ па? Сол үшін, Қазақстанның құнды қағаздар жүйесін көтеру үшін, мен бұл тақырыпты таңдадым.

Мен, осы орайда, жұмысты бастау үшін көп материалды жинадым, соның ішінде, Б. Көшенова мен М. Мұхаметтің экономикалық кітаптарын және “Егеменді Қазақстан” газеттерін және т.б. материалды қолданып, оны бір жүйеге келтірдім. Сонымен бірге, мен, купон, номинал, облигация, облигация рейтингі, облигация курсы, акция, вексель, аудармалы вексель, акцепт, сертификат, индоссамент, инвестициялы класты және т.б. терминдерді қарастырдым.

Сондықтан, Қазақстандық құнды қағаздар рыногының қалыптасуын терең зерттеп, оны келешекте Батыс Еуропа Елдердегі сияқты немесе басқа моделін қолданып, **БИК ШЫҒА КЕТУ КЕРЕК!**

1-тауар. Бағалы қағаздар туралы жалпы шолу

1.1 Бағалы қағаздардың пайда болу тарихы

Бағалы қағаздардың пайда болу тарихы меншік айналымының объекті тарихи кезеңімен тікелей байланысты болып келеді. Өте ерте кезеңде адамдар бір тарихи формациядан екінші формацияға өткенде, олар тауар мен ақшалардың басқаша орналастыру қажеттілігін алды, бірақ бұл басқаша орналастыру тәсілі тиімсіз болды.

Бұл жолды, ең бірінші, юристер б.з.д. 4-5 ғасырда тауып, оны былай көрсеткен:

Аңғарғандар құжаттар, куәланған нақтылы келісімнің өздері айналдыру, ерекше руға тауар, құндылықтардың ерекше жүйесін, сөз езіне меншікті мәнінде тауарлармен емес, ақшалармен емес сәйкес келмеушілердің. Құжаттар соған дейін келісімдер туралы орындалып жатқанда сазды және балауыздарды табылғышаларда, папируста немесе пергаментте, олар кең таратуын алған жоқ.

Кейін, 6 ғасырда Қытайда қағаз ойпанып табылды. 9-10 ғасырда бұл өндіріс рецептінің Батыс Еуропа Елдері қолданады. Нақ осы жерде, натуральды шаруашылық және феодалдық бытыраңқылықтың ету шартын қолдап және олар нарықтық шаруашылықтан алыс болғанымен, қағаз арқылы құжаттың белгілі нақты келісімін мойындау және таратуы жалпыға бірдей алынып, экономикалық айналымының объекті ретінде танылды. Бағалы қағаздар - акциялар, облигациялар, вексельдің және мүлік құқықтардың басқа куәліктері, жекеленгендер өз негізінен, ұнағандар сондай сапада заң шығарылады.

Мүліктің әрбір түріне өзіндік бағалы қағаздарым талапқа сай бола алады, меншік арқау болудың өз кезегінде жасай алады, сатышып алынады және сатылады, кепілге беріледі.

1.2. Құнды қағаздар рыногының қажеттілігі

Құнды қағаздар нарығы субъектілерінің қатынастары экономикалық-құқықтық механизмге негізделеді. Бұл құнды қағаздардың материалдық түрі ретінде оның маңызын дәлелдейді. Бірақ, құнды қағаздардың маңызы онымен шектеліп қоймайды.

Құнды қағаздар көз-келген мемлекеттің төлем айналымында маңызды орын алады, себебі олар арқылы мемлекеттің инвестициялық қызметін жүзеге асырылады. Дәлірек айтқанда, бұл күрделі қаржы тікелей қаржы шаруашылығының ең тиімді саласына жіберіледі, яғни оларды нарық жүйесіндегі ең өміршең субъектілер ғана ала алады.

Өзінің ұйымдық және құрылымдық ерекшеліктеріне орай құнды қағаздар қаржы институттары, қаржы нарықтары және оларды реттейтін құқықтық ережелерін қатар мемлекеттің қаржы жүйесінің тұтас бір бөлігін құрайды. Мұндай жүйе біздің мемлекетімізде нарық қатынастарын қалпына келтіру қажеттілігі туындаған кезде, яғни 90-шы жылдардың басында құрыла бастады.

90-шы жылдардың экономикалық тәжірибесі дәлелденгендей шаруашылықты жетелдірудің нарықтық әдістерін қалпына келтірудің және оны одан әрі дамытудың ең басты құралы – құнды қағаздар екені талассыз ақиқат. Құнды қағаздар ақша түріндегі капиталға да меншік құқық бекітіп, тек бағалы қағаздар арқылы ғана мемлекеттің меншікті акционерлік қоғамдардың, яғни жеке меншік иелері – халықтың меншігінде айналдыруы мүмкін. Бағалы қағаздар нарығында өзіне-өзін қаржы институттары жүйесі қалыптасып, оларда экономикалық өрістеудің қаржы көздері шоғырланып және инвестициялық қорларды бөлу қатынастары жүзеге асады.

Қазіргі өндірістің жалпы құлдырап қысқаруы кезінде мемлекеттік жалпы ұлттық өнімдегі өндіріс инвестициялық үлесін арттыру бағалы қағаздар нарығының потенциалды қорларын пайдаланбай іске асуы мүмкін емес.

2-тарау. Құнды қағаздардың экономикадағы қазіргі жағдайы

2.1. Құнды қағаздардың түрлері, қызметтері және мәні

Бағалы қағаздар акциялар, облигациялар, векселдер және басқа да түрлерде көрінетін капитал. Бағалы қағаздарды негізтен жалған капитал деп атаған.

Оған қандай себеп болған?

Біріншіден, табыс – көзі тауар өндірісі. Ал, бағалы қағаздардың пайда болуы өндірістік капиталмен тікелей байланысты. Өнім өндірістен айналымға түсіп, табыс әкеледі. Ал, құнды қағаздар өндірістен тыс тек айналымнан табыс әкеледі деген бұздыр қиял пайда болады. Оны мысал ретінде желтірілген мына екі формуладан аңғару қиын емес.

Тауар айналымы (Т-А-Т) формуласындағы бірінші акт (Т-А) тауарды сату басқа керекті тауарды сатып алу мақсатында жүзгізіледі, яғни қажеттілік керек тауарды сатып алу арқылы өтеу. Ал, капиталдың айналымы (А-Т-А*)

Формуласындағы мақсат тауарды сатып алу, яғни процесс пайда табу мақсатында жүзгізіледі. Бұнда $A^*=A+a$, яғни a -қосымша құн, өсім немесе капитал. Ал, капитал өздігінен өсетін құн, немесе қосымша құн беретін құн.

Екіншіден, бағалы қағаздардың капитал болып есептелептік себебі - оларды сатуға болады.

Акция – үлесті немесе меншікті құнды қағаз. Ол иемденушісіне компанияның капиталының, мүлкінің, кірісінің бір бөлігіне заң жүзінде меншік құқық береді. Компания қанша уақыт жұмыс істеп тұрса, акция да сонша уақыт қолданылады. Бірақ, осы уақыт ішінде акцияның кесі сан рет өгеруі мүмкін. Акционердің акцияны шығаратын компанияға қайтаруға құқығы жоқ. Акционерлік капитал бөлікпейді. Акционер оны тек екінші нарықты сатуына болады.

Акцияны шығару мына жағдайда болады. Егер:

1. Меншікті акцияландырғанда, яғни акционерлік қоғам құрып, оның жарғылық капиталын қалыптастырғанда;
2. Бар компанияны акционерлік қоғам ретінде қайта құрғанда;
3. Жарғылық капиталды қосымша молайтқанда.

Атап айтқанда, жарғылық капитал деген шығарылған акциялардың бастапқы жиынтық құны. Ол, өз кезегінде айналымдағы капитал және

компанияның портфелінде қалған бағалы қағаздар болып бөлінеді. Оларды компания кез-келген уақытта, өз ойынша пайдалана алады.

Акция белгілі бір жағдайда акционерлік қоғамның капиталын ұлғайтуға және оны инфляциядан қорғау үшін жұмсауға болатын бағалы қағаздардың бірден-бір түрі. Акция компанияның акционерлік алдындағы қарыз міндеттемесі. Компанияның өз акциясын қайтып сатып алатын құқы бар. Бірақ, бірсыпыра елдердің заңында, егер корпорацияның төлем қабілеті жоқ болса, онда ол акциясын қайта сатып алатын құқықта айырылады деген де ереже бар. Дәл осы жағдай, егер қайта сатып алу корпорацияның төлем қабілетін нашарлататын болса да қаралған. Заң жүзінде акцияны бөлуге де болады. Айналымдағы әрбір акцияны бірнеше бөлікке бөлуге болады.


Акция бірнеше түрге жүктелінеді. Бір жағынан, бір акционерден басқа біреуге беру тәсіл бойынша: атаулы және несі ұсынұшы болып екіге бөлінсе, екінші жағынан, корпорацияны басқаруға қатынасу құқығы бойынша жай және артықшылықты акция деп екіге бөлінеді. Корпорация тек өзінің жарғысында бекітілген акцияларды ғана шығара алады.

А) Атаулы акция міндетті түрде акция корпорацияның реестрінде тіркелуге тиіс. Акционерлер кітабында қанша және қай уақытта алғандағы туралы жазылған акция несі ғана акционер деп есептеледі.

Б) Ұсынұшыға арналған акция несінің аты-жөні корпорация кітабында тіркелмеген акция. Кітапта ұсынұшыға жалпы арнап шығарылған акцияның жалпы саны ғана көрсетіледі.

Ал, басқару жағынан корпорацияларға қолында атаулы акциясы бар акционерлер қолайлы. Себебі ол акционерлік капиталдың қозғалысын және құнды қағаздардың жіктелуі.

АКЦИЯЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ



Кейбір акционерлердің қолында шоғырланған, олардың бұл мемлекеттен көткенін реттеп және бақылап отырыуға мүмкіндік береді. Акцияның екі түрін жүзеге асыру жолында әр түрлі.

Біріншіден, сату механизмі бойынша атаулы акцияның несі оларды компаниядан сатып алғанын куәландыратын барлық акция санына бір толтырылған сертификат алады. Бұл акцияларды сатқанда сертификаттың сырт жағында екі жақтық қол қойылған “**индоссамент**” деген белгі қойылады. Содан соң, акционерлердің тізіміне өзгеріс енгізу үшін сертификат корпорацияға жіберіледі.

Екіншіден, акцияның осы екі түрінің жаңа данасы неменділер құқықын белгілеу тәртібі де әр түрлі. Бұл туралы атаулы акция несі корпорациядан хабарландыру хат алса, ал акцияны ұсынушыға бұндай механизм жүру мүмкін емес. Ұсынушы акциясында кесіп алатын купоны болады.

Үшіншіден, ұсынушы акциясының номиналы өте жоғары болмайды, бірақ ол көп тиражбен шығарылады, ал атаулы акциялардың номиналы әр түрлі мөлшерде бола береді. Корпорацияны басқаруға қатынасу құқығы бойынша жай және артықшылықты акциялар болып бөлінеді.

Жай акцияларды неменділердің корпорацияның тапқан пайдасының мөлшеріне байланысты дивидендтер алу құқы жиналыстарда дауыс беру арқылы корпорация басқаруға қатысу құқы және корпорация жабылып қалған жағдайда несие берушімен есеп айырысқаннан кейін бір бөлігін алу құқы бар.

Артықшылықты акциялар меншік туралы ерекше сертификат. Олар корпорация пайдасының деңгейіне қарамастан, белгіленген мөлшерде неғұрлым нақты дивиденд төлеуін қамтамасыз етеді.

Преференционалды акция дауыс құқықын бермейді. Ол дауыссыз бағалы қағаз. Оған байланысты артықшылық дауыс құқықын жоқтығының орнына төлеу ретінде жүреді.

Артықшылықты акция немендісін қорғау үшін акцияның өсі бойынша дивидендтер әрқашан жай акциялар бойынша дивидендтер әрқашан жай акциялар бойынша дивидендтер беруден бұрын бөлінеді. Сондықтан бұл акциялардан гөрі жай акция немендісі қауіптілеу. Артықшылықты акциялар номинал, бұны көрсетілген және көрсетілмеген болып екіге бөлінеді. Бірінші жағдайда дивиденд акцияның номиналына байланысты процент түрінде есептеледі. Бұл номиналсыз артықшылықты акциялар сирек кездеседі, оларда

дивидендтің нақты ақшалай мөлшері көрсетіледі. Акция номиналының оның нарықтық бағасына әсері жоқ.

Жай акция бойынша төленетін дивидендтер сияқты артықшылықты акция бойынша да дивидендтер таза пайдадан төленіледі. Артықшылықты акция әдетте атаулы бағалы қазак.

Корпорация бұл акцияның бірнеше сериясын шығаруы мүмкін. Әрбір сериясын әр түрлі көлемдегі артықшылығы бар. Егер корпорация артықшылықты акциялардың емес көп сериясын шығаратын болса, онда оны біреуін бірнеше артықшылықты деп анықтауы керек.

Артықшылықты акциялардың өзі бірнеше тармағына бөлінеді. Оларды былай топтастыруға болады:

1. қатысушылар

2. қатыспаушылар

Тағы да кумулятивтік және кумулятивтік емес, конвертабельді және конвертабельді емес.

Артықшылықты акциялардың аталған түрлерін шығару мүмкіндігі корпорацияның жарғысында қаралады.

Акциялардың бұлай бөлінуінің себебі акция иемденушілердің артықшылықты пайдалуына байланысты. Олар:

1. Үстеме пайданы бөлуге қатысу;

2. Хабарланғандық бірақ төлінбеген дивиденд мүмкіндігіне келішекте қатысу;

3. Акцияны басқа түріне айырбастау мүмкіндігі.

Қатысушылар артықшылығы өз иемденушісіне үстеме пайданы бөлуге қатысуға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, корпорация жарғысында жай акция бойынша төленетін дивидендтің мөлшерін жоғарылатады. Олардың арасындағы ара-қатынасын компания өзі белгілейді.

Қатыспаушылар акциясы, несі еш уақытта белгілеген деңгейден артық дивиденд алуға құқы жоқ. Егер артықшылықты акциялар кумулятивтік болса, онда бұрын хабарлаған, бірақ кейбір себептермен төлінбеген дивидендтер міндетті түрде келесі жылы бөлінеді.

Конвертабельді артықшылықты акциялар өз иемденушілеріне кейбір жағдайларда осы корпорацияның жай акцияларының белгілі бір мөлшеріне, айырбастауына мүмкіндік береді.

Конвертабельді емес акциялар өз статусын өзгертуге мүмкіндігі жоқ.

Артықшылықты акциялардың өте сирек кездесетін бір тармағының бірі дивиденд төлеуі кейін қалдырған акциялар. Олар корпорация құрылтайшыларына ғана арнап шығарылады. Олар бойынша дивиденд тек жай акциялар бойынша төленетін дивидендтің

ең жоғарғы квотасы төленіп болған соң ғана беріледі. Содан қалғаны атаулы акция иелеріне бөлінеді.

Облигация деп эмитенттің белгілі бір шартты орындауға, яғни алған ақша сомасын қайтаруды және белгіленген сыйлықты төлеуді міндеттеген жазбаша қарыз құжатын айтады. Ол корпорацияның активіне қайшы келеді. Облигация арқылы тартылған капитал акционерлік капитал деп есептелмейді.

Облигация шығару-қосымша капитал тартудың бір нысаны. Эмитенттің жалпы шығыны облигацияны шығаруға және оларды орналастыруға жұмсаған жылдық шығынға тең болады.

Облигация мерзімдік қарыз міндеттемесі болғандықтан, оның кепілі болып эмитенттің жалпы кепілдігі саналады. Ол кепілдік эмитенттің банкротқа ұшырап, өз міндеттемесін орындай алмаған кезінде корпорация мүлгінің бір бөлігін немденуге облигация ұстаушының құқы. Облигация да акция сияқты корпорацияны инвестициялаудың ең маңызды көзі.

Облигация немденуші корпорацияға несие беруші болып есептеледі. Ал, облигация корпорацияны несиелендірудің қуаңғы. Облигация несінің ұдауыс беру құқығы жоқ. Ол акционерлер жиналысында, сондаймен қатар корпорация басқаруға да қатыспайды.

Облигация бойынша мезгіл-мезгіл төленетін сыйлық түріндегі пайда купонға алмастырылады.

Купон деп облигациядан жыртылып алынатын талонды айтады. Онда сыйлық мөлшері көрсетілген. Төленген сыйлықсының орнына облигациядан купонды жыртып алады. Облигацияда бірсыпыра элементтер көрсетіледі. Номиналы купондық мөлшер өтеу туралы нұсқау эмиссия шарт қамтамасыз етілуі рейтингі.

Номинал деп облигацияның бетінде көрсетілген ақша саласын айтады. Оны облигация несі өтелу мерзімі келгенде айтады.

Купондық мөлшер жыл сайын эмитентті төлейтін облигацияның номинал құнына байланысты келісілген сыйлық төлем. Жыл сайынғы купондық мөлшер бөлініп өтелуі мүмкін. Мысылы, жарты немесе тоқсан сайын бір рет өтеу күні – компанияның сатып алушыға облигацияны номиналына тең шаманы қайтарып және сыйлық төлеуді тоқтататын күнтізбегі күні.

Эмиссия шарты ашықтан-ашық облигация шығару мәселесі. Ол қарыз алушыға траст компаниясының шарты бойынша шығарылады.

Траст компаниясы корпорацияның инвесторлары алдында оның кепілі болып, облигация ұстаушылардың мүддесін қорғап, эмитенттің өз міндеттемелерін орындауын қадағалап отырады.

Траст компаниясы эмитенттің қаржы-қаржаттарын және оның инвестициялық жобасының бизнес-жоспарын тексеріп, содан кейін ғана

өз ризалығын береді. Осыған байланысты эмиссия шартына траст компаниясы бірсыпыра ұсыныс енгізілді. Олардың ішінде негізгі кездесетіндері мыналар:

1. Ең аз өтімділік;
2. Борыштың ақырғы деңгейі;
3. Активтерді сатуға тыйым салу;
4. Төленетін дивиденд мөлшерін шектеу

Өтеу туралы нұсқау-эмиссия шартындағы тармақ. Ол бойынша эмитент облигация номиналдық құны және сыйақы төлейтін арнаулы қор құрады. Ол қор трасткомпаниясының бақылауында болады.

Эмиссия шартында облигацияны уақытынан бұрын сатып алу бабы да болуы мүмкін, яғни эмитенттің өз облигацияларын қайтарып алу құқы.

Қамтамасыз етілген облигациялар оларды шығарғанда кепілдікке корпорация активтері немесе мүлгі салынады. Облигация қамтамасыз етілген болып бөлінеді. Қамтамасыз етілген облигация корпорацияның негізгі активтерін талап етуге құқық беріп және сонымен бірге оның негізгі меншігінің облигацияға салынғанын көрсетеді. Қамтамасыз етуге қозғалмалы, қозғалмайтын мүліктер және басқа бағалы қаражаттар салынады.

Қамтамасыз етілмеген облигациялар жалпы кепілділігі бар, басқаша айтқанда, эмитенттің жақсы атағымен шығарылған қарыз міндеттемесі.

Облигацияның рейтингі – олардың инвестициялық сапасын арнаулы фирмалардың бағаламай, тек екінші нарықта кең көлемде сұранысқа ие болатындары ғана бағалайды.

Ең жоғарғы рейтинг облигациялар “**инвестициялық кластық**” деп аталады. Төмен рейтингі облигациялар алыстаушының деп есептеледі.

Облигациялардың да номиналы және нарықтық бағасы болады. Оның номиналы және нарықтық бағасы болады. Оның номиналына байланысты процентпен көрсетілген нарықтық баға **облигациясының курсы** деп есептеледі. Егер нарықтық бағасы номиналынан жоғары болса, онда облигация сыйлықпен сатылады деп айтылады. Егер номиналынан бағасы төмен болса, онда облигацияның жаңа несі есі дисконтпен, яғни бағасын төмендетіп сатып алады. Облигацияның нарықтық бағасы қандай болса, сыйақы оның номиналына байланысты есептеледі.

Жай акциялар тәрізді облигациялар да несі ұсынушы және атаулы болып екіге бөлінеді. Несі ұсынушы облигациялар екі жерде тіркелмейді, ол бойынша сыйақы ұсынушы субъектіге төленеді. Ондай облигациялардың әрқашан купондық парағы болады. Сыйақы өсім төлейтін күші облигация несі купонды қыйып алып, оны өтеуге

тапсырады. Сыйақы төленетін күні корпорация оған процент алу үшін чек толтырып береді.

Корпорация облигациялары, сонымен қатар купондық кіріс төлеу жөнінен де бөлінеді. Купондық төлем мөлшері нақты Бекітілген облигациялар. Олар уақытынан бұрын қайтарылып алуы мүмкін.

Облигациялар айырбасталады, конвертуеледі және жай акция болып төленеді. Айырбасталады облигациялар айырбастыланады – артықшылықты акцияларға өте ұқсас. Олар келісімге сәйкес осы корпорацияның артықшылықты немесе жай акцияларына алмастыруына мүмкіндігі бар. Бұл айырбастылымды акцияға инвестордың қызығушылығын арттырады. Ал, жай облигациялардыңсындай құқы жоқ.

Корпорация өз жұмысын акция шығаруы мен де қаржыландырады. Акциядан бері облигация шығару корпорацияға қауіпті. Себебі облигациялардан пайда түспесе де, жыл сайын корпорация облигация бойынша төлем төлеуге міндетті. Бірақ қауіпті болғанмен, ол өте арзан. Ұзақ мерзімде төленген сыйақы сомасынан әлде қайда көп болады деп ұйғарылады. Инвесторлар көзқарасы бойынша акция шығару қауіптірек, деме к облигация тиімді.

Сондықтан төменделген қосымша шығын шығарылып алған акциялар жоғары пайда түсіруіне көзі жетпесе, оларды сатып алмайды.

Вексель - қарызды өтеудегі заңды түрде бекітілген әлем міндеттемесі. Ол бағалы қағаздың бір түрі. Вексельді борышкер, яғни вексельді беруші тауарды нескеге алғанда тауар сатушыға, яғни вексель иемденушіге береді. Вексельдің мәні нескеге алған белгілі бір соманы төлем уақыты жеткенде келісіммен жәрде өтеу үшін тауар сатып алушының сатушыға берген қарыз міндеттемесі вексель шығарып және оны пайдалануды дамыту ертеден неске-қаржы қызметін көрсету нарығының басты бағыттарының бірі болып келеді. Себебі вексельдің мәні тек қарызды қайтару кепілі ғана емес. Сонымен бірге саудалық қарым-қатынас қайтару кепілі ғана емес, саудалық қарым-қатынастардың тиімділігін арттыру мақсатында осы төмен міндеттемесін белсенді қайдалану арқылы ресурстардың айналымын жеделдету Вексельді бекіт сатып алады.

Вексель тауар-ақша қатынастарын және коммерциялық несиені дамытуда ертеден келе жатқан ең бір басты қаржылық құрал.

Вексель төлем дағдарысын реттеп, заттық қорлардың айналысқа түсуін жеделдететін кәсіпорындағы тауар-зат құндылықтарының қорын азайтып және халық шаруашылығындағы есептерді тездетеді.

Вексель нарығының қызметі қысқа мерзімді несие беру арқылы қысқа мерзімді несие беру арқылы ақша қаражатын бөлу. Вексель айналымының негізгі серіктері – бірін-бірі бақылауымен жасалатын

несиелік келісім Вексельді шығару оны айналымға түсіруге келісімнің мәні және оны маңызы зор.

Вексель неімденушінің болашақтағы қаржы мүмкіншілігін болашақтағы қаржы мүмкіншілігін де бақылайды.

Вексель міндеттемелерінің үш түрлі айырмашылығы бар.

- Біріншіден, Вексельдің дерексіздігі, яғни қарызды қандай жағдайға, не мақсатқа алғандығы көрсетілмейді.
- Екіншіден, оның дауыссыздығы, яғни қарызды қандай жағдайға алғандығына қарамастан міндетті түрде өтеу керек.
- Үшіншіден, Вексельдің айналымдылығы, яғни вексель неімденуші оны басқа адамдарға беруіне болады. Бұл ерекшелігі вексельді айналым қаржысы ретінде қолма-қол ақшаның орны пайдалануға мүмкіндік береді. Сол себепті вексельді сауда ақшасы деп те атайды.

Қолдану өрісіне қарай жай және аудармалы вексель тратта болып екіге болып бөлінеді. Жай вексельді төлеуші, яғни вексельді беруші жазады.

Аудармалы вексель деп несие берушінің қарыз алушыға вексельде көрсетілген саланы үшінші кісіге төлеу жөніндегі берген жазбаша үкімін айтады. Прассат тратқа бойынша акцепт берген жағдайда ғана қарыздар болып есептеледі.

Акцепт дегеніміз – есеп айырысуда төлеушінің өз қарызын төлеуге жазбаша берген келісімі. Демек, акцепт есеп айырысудың бір түрі.

Вексельді біреуге пайдалануға беруді “индоссамент” деп атайды. Оны вексель неімденуші жазады. Яғни, индоссамент, ал оны алған адам индоссат деп аталады. Вексельді өтеу үшін адамдарға аудару процесі индоссация деп аталады.

Вексельдің қолдану аясына қарай келісім және олардың тауарларымен немесе акциямен қамтамасыз етілуіне байланысты коммерциялық қаржылық және жалған вексельдер болып та бөлінеді.

Коммерциялық вексель тауарларды сату және сатып алу келісімдерінің негіздеріне айналысқа түседі.

Несие келісімдерінің ақшалай түрін рәміздеу қаржысы вексельдер болып саналады.

Қазыналық вексель деп мемлекеттік қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелерді айтады.

Жалған вексельдерді беру нақты не материалдық не ақша құндылықтарының қозғалысымен байланысты емес. Оларға достық, қола, яғни құрқуыс және қарсы жүретін вексельдер де жатады. Және де вексель сенімділігін арттырудың жолдары бар.

Оның біреуі акцепт алыды операциялар. Вексельдің акцепті дегеніміз төлеушінің вексельді төлеуге берген келісім.

Вексельдің аволь вексель бойынша кепілдік Аволь беруші Банк вексель беруші аудармалы вексель болған жағдайда тарапынан төлем төленбеген жағдайда оны төлеу жауапкершілігін өзіне алады.

Банктер вексель бойынша несиелік түрлі операциялар жүргізіліп, бір жағынан, олардың айналым жылдамдығын шапшаңдаса, екінші жағынан, өздеріне пайда түсіреді.

Бағалы қағаздардың өте көп басқа түрлері болады. Оларды әр түрлі эмитенттер шығарылады.

Жазалу құқы қысқа мерзімді бағалы қағаз. Опцион шартқа енгізілген мерзімдік талаптар көрсетілетін бағалы қағаз.

Қазыналық вексельдер қаржысы Министрлігін шығаратын қысқа мерзімді облигациялар.

Депозиттік сертификат ол эмитенттің мерзімді салымын алғандығын ишаландыратын банктік бағалы қағаз.

Чек заңды түрде бекітілген ақшалы құжат. Чек төлем айналымын тездету мақсатында шығарылады.

Чектер бірнеше түрге бөлінеді:

1. Атаулы чек
2. Ордерлі чек
3. Несі тұтынушы чек

Бағалы қағаздар нарығы басқа нарықтардан өзінің айырмаша тауарымен өзгешеленеді. Ол өзгеше тауар, бағалы қағаздар. Олар, біріншіден, меншік белгісі, екіншіден, қарыз міндеттемесі пайда болады.

Бұл тауарлардың өз құны аз болса да, өте жоғарғы нарық бағасымен сатуға болады. Егер бағалы қағаздарға нарықтық ұсыныс оның ұсынысынан жоғары болса, онда оның бағасы көрсетілмеген күннен жоғары болады. Бұндай нарықтық бағаның номиналдан ауытқуы бағалы қағаздардың жалған капитал екенін көрсетеді.

Жалған капитал нақты капиталдың қағаз белгісі, яғни өндірістік капиталдың оқшауланып шыққан бір бөлігі.

Бағалы қағаздар ақша капиталының немесе басқа материалды құндылықтардың орнына жүретін “символы” деп те атайды. Сонымен қатар, бағалы қағаздар қордың инструменті немесе құралы болып та есептеледі. Сонымен, бағалы қағаздар нарығы капитал нарығының, яғни ақша не басқа материалдық құндылықтардың қызметін көрсетеді.

Бағалы қағаздар нарығы нарықтық экономикада күтпеген кездейсоқ болатын процестердің реттеушісі. Бұл алдымен, капиталды инвестициялау процесіне қатысты. Капиталды инвестициялау деген оның капиталға мұқтаж өндіріс салаларына құйылуы, ал артық болған

уақытта саладан қайта алынады. Нарықтық экономиканың тәжірибесінде капитал ең алдымен, қоғамға шын мәнінде қажетті өндіріске орналасады. Нәтижесінде қоғамдық өндірістің ең үйреншікті құрылымы пайда болады, тапшылықсыз экономика қалыптасады. Қоғамдық өндіріс негізінен қоғамдық сұранысқа сай болады.

Сонымен, бағалы қағаздар нарығы экономикалық өрлеуді көп жағдайда қаржыландыратын ең оңай және ең қолайлы қаржы көзі.

2.2 Қазақстан Республикасындағы құнды қағаздардың қалыптасуы

Қазақстан жан-жақты қамтылған жүйелі де мақсаты және белсенді қаржы саясатын ұстанып отыр.

Мүлкті мемлекет иелігінен алып жеке иелендіруге байланысты мемлекеттік кәсіпорындар акционерлік қоғамдарға айналдырылып қайта құрылды.

Орташа кәсіпорындар қорының 30% акциялары мемлекет меншігінде қалдырылып, қалғандары жеке меншікке үлестіріледі. Ірі кәсіпорындардың 50% акциялар пакеті мемлекет иелігінде қалдырылады, қалғаны жеке меншікке айналдырылады.

Жеке иелендірілген өндіріс орындарының 5% дейінгі акциялары инвестициялық қорлар арқылы Қазақстанның барлық тұрғындарына үлестірілген жеке иелендіру купондарына айырбасталады.

Бұл іс-шаралар құнды қағаздар нарығын қалыптастырудағы Қазақстанның бірінші қадамы.

Жеке иелендіру мен акционерлердің нарық жүйесіне көшудің ең негізгі алғышарты болғанымен, нарықтық қызмет атқару механизмін қалыптастыра алады.

Қазақстан жағдайында өндіріс орындарының тиімді қызмет атқаруы, олардың сыртқы әлем нарығына шығып, орын алуына тіркеліп отыр. Қазақстан экономикасының өндірістік құрылымы тарихи түрде сыртқы әлемдік шаруашылық қажеттіліктеріне бағыттанып қалыптасқан.

Қазақстан өндірілетін өнімдердің 80-90% экспортқа арналған, ал Қазақстанға қажетті дағын өнімдердің 80-90% шетелдерден жеткізіледі. Соңғы 2-3 жылда (1998-2000) әлемдегі қаржы валюта дағдарысына байланысты Қазақстан Үкіметі қысқа (2000 жылға дейін) және орта мерзімдік (1999-2000 жыл) Ұлттық өндіріс Бағдарламаларын жасап ішкі өндіріс пен Ұлттық нарық жүйесін қалыптастыру саясатын қолға алған.

Ұлттық экономиканың тарихи жағдайда қалыптасқан құрылымын қайта құру, жетілдіру үшін ауқымды инвестициялар қажет болып отыр. Мамандардың пікірінше, Қазақстанға жыл сайын 3 миллиард доллар инвестиция қажет екен.

Сонымен, Қазақстанда құнды қағаздар нарығын қалыптастыру саясаты ұлттық кәсіпкерлікті қолдау, ішкі және сыртқы инвестициялардың өндіріске тарту экономика салаларын әлсіз де тиімсіз шаруашылық құрылымдарынан тазарту экономиканы асқындып кеткен төлем дағдарыстан шығару және басқа да экономикалық ұйымдастыру құқықтық іс-шаралар жүйесінде жүргізіледі.

Қазақстанда 1991-1994 жыл қаржы нарығы, оның құрамында құнды қағаздар нарығының негізгі секторлары ретінде мыналарды айтуға болады:

1. Мемлекеттің ішкі және сыртқы міндеттемелік қағаздары тұрақты түрде айналымға шығарылып келеді.
2. Ірі коммерциялық бөлшектердің акциялары және басқа да қаржы қағаздары соңғы жылдары ұжымды түрде сыртқы әлемдік және ішкі ұлттық нарық жүйесінде орналастырыла бастады.
3. Мұнай-газ, энергетика, кара және түсті металлургия компаниялары шығарған акциялар Қазақстанның және Орталық Азия қор биржаларында тіркеліп, бағаланып келеді.
4. “Қазақтелеком”, “KEGOM”, “KazakhOil” сияқты жаңаша құрылған компаниялардың акцияларына сұраным жоғары қалыптасқан.

Елімізде Қазақстан Республикасының құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы құрылған 1995 жылдың сәуірінде “Қазақстан Республикасында акционерлік қоғамдардың акцияларын шығару мен өтеудің тәртібі туралы ерекше әзірлеп бекітілді” бағалы қағаздар комиссиясы есепке алынып қор биржаларында тіркелетін болды.

Республикада құнды қағаздар нарығына қатысушылардың Ұлттық қауымдастығы құрылды. Құнды қағаздар нарығын реттейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары басқа да көптеген құжаттар пакеті қабылданды, қолданылып келген заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Үкіметі Батыс елдерінің бірқатар қарсы инвестициялық құрылымдарын келісімге келіп, өзінің орта мерзімдік облигацияларын Еуропада орналастырды.

Соңғы 1-2 жылда экспорттан импорт көлемі артты, Қазақстанда теріс сауда балансы пайда болды. Қазақстан теріс сауда балансын жабудың бір-аана жолы бар активтерді шетке сату әдісі. Активтерді шетке сату мемлекет меншігіндегі корпорациялардың акцияларын әлем нарығына орналастыру деген сөз.

Қазақстанда құнды қағаздар нарығын толық қалыптастыру үшін ұлттық өндіріс пен ішкі ұлттық нарық жүйесін қалыптастырып тереңдету керек.

Қазақстан экономикасының өндірістік құрылымын қайта құрып жетілдіру мәселесі тұрғындардың қолындағы сақталған қаржы ресурстарын жұмылдырып, экономиканың реалды секторына жетісінділікті қажет етеді. Соңғы кездері Қазақстандағы ең ірі коммерциялық банктер келісімге келіп, банкаралық сақтандыру қаржысы қорын құру саясатын іске асырмақшы. Банк басқармасы тұрғындардың салымдарын сақтап, олардың тұрақты түрде өсімін қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстанда тұрақты жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар акцияларын сатып алу құқығын алуға ниет білдіріп, қажетті құжаттар дайындап, оларды заңдастыруға күш салып отыр.

Сонымен, тұрғындардың сақталған қорларын банк және құнды қағаздар арқылы тұжырымдап, өндіріске тарту оның құрылымын жетілдіру үшін инвестициялау бүгінгі күні ең ұтымды саяси бағыт ретінде танылып отыр.

Егер ішкі өндіріс көтерілсе, ішкі ұлттық нарық қалыптасуда кәсіпорындар мен тұрғындардың табысы өседі, ал бұл болса Қазақстанда ішкі ұлттық капиталдың қорларын өсуіне жол ашады, астық негізінде құнды қағаздар нарығы да тиімді қызмет атқаратын болады.

Құнды қағаздар нарығын жасақтау республикамыздың қаржы саласын тұрақтандыру бағытындағы міндеттермен тікелей байланысты.

1996 жылдың мамыр айында 1996-1998 жылдар аралығындағы құнды қағаздар нарығын дамыту Бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның осы кездегі негізгі бағыты рыноктық тиімділігі ілкімді қызмет етуі үшін инфрақұрылым жасау болып табылады.

1997 жылдың 1 маусымында 3758 акционерлік қоғам акциялар шығарылымын тіркеуден өткізді. Олардың басым бөлігі акционерлік қоғамы айналған бұрынғы мемлекеттік кәсіпорындар.

Корпоративті құнды қағаздар нарығында талдау жасағанда қайтара шығарылым кәсіпорының қор нарығы арқылы инвестиция алуға дайындығы бар екендігін білдіретін елеулі фактор ретінде аталады. Құнды қағаздар нарығы реталы заңға сәйкес бірінші шығарылымы құрылтайшылар арасында жабық орналастырады.

Қайтара шығарылым акциялары үстіндегі жылдың 1 маусымында 25 миллиард теңге болды. Бұл барлық шығарылымның 20%, қайтара шығарылымның аз ғана мөлшерін еске ала келе, акциялардың әді толық инвестициялық құрал болып үлгергендігін, олардың шығарылымын тек жеке шешендіру қорытындысын нығайтуға қызмет ететіндігін түйіндеуге болады. Соның өзінде қайтара шығарылымдар санының ар тенденциясы байқалады.

1997 жылдың алғашқы 5 айының өзінде 157 қайтара шығарылым тіркелді.

Акциялардың қосымша шығарылымын қарай отырып, әсіресе құрылыс корпорациялары мен өндірістік кәсіпорындардың акциялардың өсе түскендігін оң нәтиже деп бағалауға болады. 1996 жылдың 90,9% болса, 1997 жылдың 5 айы ішіндегі көрсеткіші 94,9%.

1997 жылдың наурызында бірқатар негізгі заңдар мен нормативтер, құжаттар қабылданды. Олардың қатарында “құнды қағаздардың нарығы туралы заң”, “құнды қағаздарды тіркеу туралы заң”, “инвестициялар туралы заң” және т.б. бар.

Құнды қағаздар нарығындағы кәсіпқой қызметке қойылар заң талаптардың күшеюі қалыптасушылар санын азайтты. Алайда, олар болса сапалы қатысушылар инвестордың саласын арттыруда үлкен роль атқармақ.

Техникалық инфрақұрылымды дамыту жобасын жүзеге асыру бойынша депозиттер айырысу жүйесінің аралық үлгісі жасалып болып қалды, ол еліміздің бірінші тәлем жүйесі аясында жүргізілген болатын.

Осы жылғы мамырда орталық депозиттарыны құрған құрылтай болып өтті. Онда құрылтайшылық құжаттар жарлық қор мөлшері бекітілді. Президентпен Бақылау кеңесі, тексеру комиссиясы сайланды.

Жарлық қор мөлшері 5 800 000 теңге 29 құрылтайшы 200 000 мың теңгелік аты және жазылған 29 акцияны кемденді.

Алайда, бүгінгі күні қор биржасының 1 шілдесіндегі митингісіне қатысуға 14 компания ғана өзін (Үкімет белгілеген 32). Өзірліктің бауу жүргізілуі, себебі әр түрлі түсіндірілуде негізгі аудит жүргізуге қаржының аздығы. Алайда, өкімет қаулысын орындауды соза отырып, сол арқылы өз акциясының биржалық нарыққа шығуын бөгелі кәсіпорындар көгілдір фишкалар жобасының бүкіл еліміздің экономикасы үшін ғана емес, өзі де үшін маңызды екенін жете түсінбеуде, яғни стратегиялық басқару деңгейі өте төмен.

Құнды қағаздар нарығының бүгінгі ахуалы төндірілгендегі әңгімені қорытындылай келе корпоративті қағаздар рыногына қарағанда мемлекеттік құнды қағаздар нарығы қай тарапта болмасын жүзеге асырылуы үстінде екендігін аял айталамыз.

Сондай-ақ шетелдік инвесторлар да мемлекеттік құнды қағаздарға сенім арта түсуде. Бұл біздің қаржы жүйеміздің тұрақты теңденциясына оң ықпалын тигізе бермек.

2.3 Бағалы қағаздардың құқықтық қатынастарда алатын орны

Азаматтық құқықтық объектілерінің бірі бағалы қағаздар болып табылады. Азаматтық кодекстің 129-бабында оған мынадай анықтама берілген: Белгіленген нысан мен міндетті реквизиттерді сақтай отырып, жүзеге асырылуы тек оны көрсеткенде ғана мүмкін құқықтарды куәландыратын құжат бағалы қағаз болып табылады. Осындай анықтамадан бағалы қағаздың ерекше сипаты шығады, ол атап айтқанда:

1. Бағалы қағаз – түрі және мазмұнымен заң талаптарына қатаң бағынатын құжат. Мәселен, бағалы қағаздармен куәландыратын құқықтардың түрлері, бағалы қағаздардың міндетті реквизиттері, бағалы қағаз нысанына талаптар және басқа да қажетті талаптар заң құжаттарымен немесе соларда белгіленген нысанға сәйкес келмеуі оның жарамсыз болуына әкеліп соқтырады;
2. Бағалы қағаз оның иеленушісінің мүлкілік құқығын куәландырады.
3. Бағалы қағаздағы құқықты жүзеге асыру үшін оны көрсеткенде не бергенде ғана құқық іске асырылады. Айталық, бағалы қағазда жасалған индоссамент бағалы қағазбен куәландырылған барлық құқықтарды бағалы қағаз бойынша құқықтар берілетін адамға – индоссаментқа немесе соның бұйрығына ауыстырады. Индоссамент бланкінің болуы мүмкін (орындауға тиіс адам көрсетілмейді).

Бағалы қағазбен куәландырылған құқықтарды жүзеге асыру, бұл құқықтарды индоссантқа бермей-ақ (сену индоссаменті) индоссаментке тапсырумен ғана шектелуі мүмкін. Бұл жағдайда индоссант өкіл ретінде әрекет жасайды. (АК-тің 132 бабы).

Азаматтық кодекс бағалы қағазды құжат деумен бірге оны зат деп те көрсетеді. Өйткені, кез келген құжаттың түп-төркіні материалдық дүниеге қатысты келеді. Сондықтан да онда көрсетілген әріп таңбалары мен сандары, тасқа басылып не қолмен жазылған жазбалары осы құжат туралы тиісті ақпарат береді. Сонымен бірге кез-келген құжаттың бағалы қағаз болмайтындығы тағы бар, тек заңмен белгіленген шарттық белгілері сақталғаны бағалы құқығын алады.

Бағалы қағаздың міндетті реквизиттері арнайы нормативтік құқықтық құжаттарында көрсетілген (оның атауы, сериясы, нөмірі, өтініш жасау мерзімі, субъектінің қағаз бойынша көрсетілген міндеті, номиналдық құны, кіріс көлемі немесе марапаттау (пайыздар), қағаз бойынша орындалу орны және басқа шарттар, талаптар болып

табылады. Мұндай талаптар түгелдей сақталмаса, яғни бағалы қағаздың міндетті реквизиттерінің болмауы немесе бағалы қағаздың ол үшін белгіленген нысанға сәйкес келмеуі оның жарамсыз болуына әкеліп соқтырады.

Бағалы қағаздар зат ретінде бірнеше түрге бөлінеді, әрі келенушінің талап-мүддесіне сәйкес бланк, қағаз парақшасы түрінде кездеседі. Бағалы қағаздың құны тиісті материалдық игіліктің құнына негізделеді.

Азаматтық кодекстің 130-Бабы мүлкілік құқықтар куәландыратын мазмұнына қарап бағалы қағаздарды облигация, консамент, акция және заң актілерінде немесе соларда бекітілген тәртіппен бағалы қағаздар қатарына жатқызылған басқа да құжаттар деп негізгі түрлерге бөлінеді. Кодекстің 130-Бабының 2-тармағына сәйкес, бағалы қағаздар іштей ұсынбалы, атаулы және ордерлік болып жіктеледі. Ұсынбалы бағалы қағаздар құжаттың түпнұсқасы болады, ал түпнұсқасын ұсынушы келесі тұлғаға көрсеткен сәтте өзінің өкілеттілігін жүзеге асырады. Демек, ұсынбалы бағалы қағаздар онда көрсетілген мерзімде нақты құнымен басқа мүлкілік балама алуға құқық береді. Бағалы қағаздың мәтінде оны ұсынушы үшін нақты тұлғаның есімі көрсетілмейді, тек бұл құжаттың бағалы қағаз екендігі ғана айқындалады. (мысалы, облигация)

Ордерлік бағалы қағаз да құжат болып табылады, ол бойынша міндетті субъект құжат мәтінде көрсетілген тұлғаға міндеттенген нәрсені орындауды ұсынады, немесе өзі де белгіленген ереже бойынша құжат мәтінде көрсетіледі. Ордерлік бағалы қағаз құқықтың субъектісі юлып табылатын белгілі бір тұлғаға беріледі.

Сонымен бірге мезгілде мүлкілік құқықтың айналым қабілеттілігін жақсарту мақсатында ордерлік қағаздар үшін оны тапсырудың ерекше механизмі жасалған.

Ордерлік бағалы қағаз жоғалып кетсе, оған оны ұстаушының өзі жауап береді (“Қазақстан Республикасындағы вексельдік қатынастар туралы” Заңның 96-Бабын қараңыз). Ордерлік қағаздың несі айырылып қалған құжаты кімнің қолында екенін білсе, құжатты қайтаруға виндикациялық талап қоюға құқылы. Егер кейінгі индоссамент бланктік болса, жоғалған құжатқа құқық меншігін дәлелдеу іс жүзінде мүмкін болмайды. Мұндай қағазды жоғалтқанда оның орындауына да үміт аз. Ал ордер қағазы жойылып кетсе, онда құжаттың балама данасын беруге болмайды.

Атаулы бағалы қағаз – бұл мүлкілік сипаты бар құжат, оның несі кім екендігі құжаттың мәтінде көрсетіледі. Яғни атаулы бағалы қағаз бойынша құқықты талап ету сонда көрсетілген адамға ғана тиесілі болады.

Азаматтық кодекстің 130-Бабында бағалы қағаздардың әр түрінң белгілерін қамтитын бағалы қағазды шығару көзделген. Оған мысал ретінде атаулы түрдің ұстаушының жүргізуін талап ететін “Бағалы қағаздар нарығы туралы” Заңның 34-бабының нормасын келтіруге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бағалы қағаздар нарығы экономиканың кез-келген саласының өз қажетіне ақша қорын жасауына жол ашуда. Мысалы, акция шығарып, осы қорды үнемі, яғни кәсіпорын жабылғанша пайдалануға болады, ал облигацияны шығару несиені бақыттен алудан тиімділеу жағдай жасайды. Бұл айтылғандар бағалы қағаздар нарығын өрістетуге мүмкіндік береді. Бағалы қағаздар нарығы – нарықты экономикада күтпеген кезде йсоқ болатын процестердің реттеушісі.

Қазіргі кезде республикада бағалы қағаздар нарығының қызметін толық қамтамасыз ететін инфрақұрылым құрылып бола қойған жоқ. Оның ішінде бағалы қағаздар нарығында кездесетін барлық қатынастарды толығынан реттеп жеткілікті нормативтік заң актілері жоқ. Бағалы қағаздар нарығының мемлекеттік реттеу ғылымға негізделіп, алдын-ала дайындалған концепцияға жүргені дұрыс деп ойлаймын.


Және де әлі Қазақстанда Бағалы қағаздар нарығы дамымаған. Бірақ болашақта бағалы қағаздардың нарықтық қатынастарда үстемдік орнату үшін, біріншіден Қазақстанның экономикалық жүйесін реттеу керек, яғни жаңа реформалар енгізу керек, екіншіден шетелдік инвестицияны қолдау керек, яғни шетелдік елдермен тығыз қарым-қатынаста болып, олардан әр түрлі моделдерді үйреніп, оны қазіргі кезеңге сай жүзеге асыру керек. Сонда ғана біздің бағалы қағаздардың нарығы алға жылжы алады.

114


№7 сурет

Барша операторлардың түрлері


Қар бағдарламаны орындайды



Базалық секторды шығарушылар



АУДАРЫМАДЫ БИР КЕСТЕЛДІК АЙНАЛЫСЫ



Ақша үлгісі

Ақшагерлік қосыншы, аты және оны қонақсыз жері
Үлгі, үкесту пішімі) _____
(Үлгінің қосыншы мағыналы) (айы)

Ақшагерлік сәйкесті және
рәтінші) _____

Шығарылған рәтінші
_____ 199 ж.

А Қ Ш Я

Ақшагерлік сәйкесті (ақшагерлік және ақшагерлік)
Дәлел бері құқы бар (дәлел бері құқы жоқ)

Ақшагерлік аты-жөні _____

Ақшагерлік өлшемі _____ (_____) теңге
сәйкесті _____ сәйкесті

Ақшагерлік қосыншы және ақшагерлік сәйкесті _____ (_____) теңге
сәйкесті _____ сәйкесті

АҚШЯ АҚШЯ АҚШЯ АҚШЯ

Ақшагерлік ақшагерлік құқы _____ теңге, сәйкесті _____ және

сәйкесті _____ теңге.

Ақшагерлік ақшагерлік ақшагерлік құқы _____ теңге.

сәйкесті _____ дәлел, сәйкесті _____

Ақшагерлік сәйкесті және ақшагерлік сәйкесті _____

Ақшагерлік ақшагерлік _____

Ақшагерлік сәйкесті және ақшагерлік сәйкесті _____ және _____

(Ақшагерлік ақшагерлік ақша)

Ақшагерлік _____
(Үлгінің қосыншы мағыналы) (айы)

Ақшагерлік _____ (Ақшагерлік, ақшагерлік, ақшагерлік)

Ақшагерлік _____ (Ақшагерлік, ақшагерлік, ақшагерлік)

М.Қ.

Басшы жағалар айналасына мемлекеттік тіркелу туралы

ҚУӘЛІК

_____ (әкімшілігі органның аты)

Қазақстан Республикасының аумағындағы мемлекеттік тіркелу туралы заңнаманың талаптарына сәйкес

_____ (әкімшілігі органның тіркелу нөмірі)

Тіркеуден өткізілген

_____ (әкімшілігі органның аты, тіркелу нөмірі және дәрежесі)

Мен түрлері:

- аумағындағы мемлекеттік тіркелу нөмірі _____ ТЕНГЕ,
- _____ (саламат және жағдайы) _____ БАНА,
- _____ (саламат және жағдайы) _____ СОМАҚА,
- _____ (саламат және жағдайы) _____ БЕРІЛІСІ,
- аумағындағы мемлекеттік тіркелу нөмірі _____ ТЕНГЕ,
- _____ (саламат және жағдайы) _____ БАНА,
- _____ (саламат және жағдайы) _____ СОМАҚА,
- _____ (саламат және жағдайы) _____ БЕРІЛІСІ,
- аумағындағы мемлекеттік тіркелу нөмірі _____ ТЕНГЕ БОЛМАЙДЫ,
- _____ (саламат және жағдайы) _____
- _____ (саламат және жағдайы) _____

Мемлекеттік Мемлекеттік тіркелу.

Әкімшілігі органның
жауапты адамының қолы

Облыстық шығармалар конкурсын ұйымдастырушы Комитетінің

ТІРІСТІК КІРЕКІ

1. Әңгімелік топтық және қысқартылған ақша _____
(шаруашылық құрылымның) _____
_____ (түрлі жағдайдағы, өкілеттілік және/немесе басқа, қызметіне қатысты адрестері)

2. Іріктелуші (жұды) адресі _____

3. Облыстық шығармалар конкурсын ұйымдастырушы Комитеті және қазысы _____

Сынақшылар мәжілісі және құрылымы _____
(қарама қарсы) _____
(түрлі жағдайдағы құрылымның) _____

4. Шығармалар формасы: _____
(шығармалардың немесе материалдарының)

Бұл мақсатта материалдардың түрінде ұсынылатынын, алды адрестерінің және қарама қарсы берген тақырыпты қысқартылғанға қарама қарсы қызығу қызығу.

5. Облыстық және қысқартылған тіркелім рәсімдері ұсынылуы туралы материал

6. Бұл мақсатта облыстық шығармалар конкурсын ұйымдастырушы Комитетінің және/немесе қарама қарсы _____

7. Облыстық және қысқартылған адрестері _____

Әрі облыстық және қысқартылған адрестері _____

8. Төлемді құрылымның адресі _____

9. Жобаның облыстық және қысқартылған адрестері _____

Президент _____

Бас бухгалтер _____

Тексеру комиссиясының төрағасы _____
М.О.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б. Көшенова «Ақша Несие Банктер» Валюта қатынастары. Алматы «Экономика» 2000 ж.
2. А. Көшенова «Бағалы қағаздар нарығы» Алматы «Экономика» 2000ж.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы желтоқсан №1424 қаулы Ресми газет 2003 ж. 25 қаңтар.
4. Мұқаметтей М. «Ақша бізге береді» Алматы ақшамы 2001 ж. 7 маусым.
5. Ешқын Г. «Басты бағдар сенімге не болу». Қаржы-қаражат 2000ж. №7,10,5.
6. Красавчикова Л.О. Гражданское право, 1998 ж. Гражданское право Республики Казахстан. Учебное пособие, Алматы 1999 ж.
7. Оразбекұлы Б., Оразбекова М.Б. «Бағалы қағаздар нарығындағы биржалық операциялардың ерекшеліктері» Алматы, «Экономика» 2001 ж.
8. Мыңбаев С. «Экономикаға қызмет еткен құнды қағаз» Қаржы-қаражат, 2002 ж. №6.
9. Шалғынбаев Г. Бағалы қағаздардың бағасы артатын әлі алда. Егемен Қазақстан 2000 ж., 27 май.
10. Сейтқасымов «Ақша, Несие, Банктер» Алматы «экономика» 2001 ж.
11. Шалғынбаева Г. «Егемен Қазақстан 2001 ж. 20 мамыр.